Түсіндірме іс шарасының хаттамасы

Атырау қаласы 06.06.2024 жыл

Өткен орны: ШЖҚ КМК «№7 Атырау қалалық емханасы» директор кабинеті
Қатысқандар: Емхана әкімшілігі (21 адам).

Күн тәртібі: ШЖҚ КМК «№7 Атырау қалалық емханасында» сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы түсіндірме жұмыстары туралы
Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының 29.05.2024 жылғы №06-01-07-05-18/2594 және 06.06.2024 жылғы №06-01-07-05-18/2727 хаттарын таныстыру бойынша түсіндірме іс шарасы өтті.

Сөйлегендер:

1.Емхана директоры Г.А.Танбаева Кәсіпорын бойынша биылғы жылы сыртқы талдау жұмыстары жүргізілгенін және анықталған кемшіліктер бойынша тоқталып өтті. Облысымыздағы денсаулық сақтау саласына қатысты анықталған кемшіліктер емханамызда орын алмас үшін бұл бізге үлкен сабақ болуы тиістігін, кемшіліктер бойынша түзету жұмыстарын жүргізіп, олқылықтарды болдырмау үшін жұмысты үнемі қатаң бақылауда ұстау қажеттігін ескертіп, есеп бөлімі бойынша қаржыны игеруде заң нормаларын қатаң басшылыққа алып жұмыс ұйымдастыруды, әркез қаражатты жұмсауда мақсатты жұмсалуына талдау жүргізіп отыруды және материалдық жауапкершілігі бар тұлғалардың жеке жауапкершіліктерін сезініп, қызмет барысында қандайда бір зиян тимеуіне ат салысуды, жұмыс жасағанда үнемі барлық порталда электронды түрде жұмыс жасап, құжаттар мен қызметтің ашықтығын қамтамасыз етуді қатаң тапсырды.

2.Емхана комплаенс қызметкері А.Т.Кумаргалиева өз кезегінде емхананың комплаенс қызметінің мазмұнын тағы бір қысқаша еске салып, әр қызметкердің лауазымдық міндеттерін атқаруда заңсыз сыйақылар талап ету, алу фактілерін болдырмау, барлық азаматтар мен азаматшаларға тең қарап, ешқандай артықшылықтар немесе қысым болмауын баса айтты. Әр маман қызмет барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырушы факторларды болдырмауда жеке ат салысы керектігін және заң алдында әр тұлғаға жеке жауапкершілік артылатындығын хабарлады.

Сөз соңында шараға қатысушы емхана әкімшілік қызметкерлеріне әр түрлі сұрақтар қойылып, талқыланды. Қатысушылар өз пікірлерін білдірді.

Директор: _____ Г.А.Танбаева

Хатшы: _____А.Т.Кумаргалиева